

ПРЕЦЕДЕНТТІК МӘТІН ҰҒЫМЫНЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒА КАТЕГОРИЯСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ МӘНІ**Сүйерқұл Ботагөз Мырзабайқызы***ф.ғ.д., А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, Алматы қаласы.***Избасарова Эльвира Иманалиевна***Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және**«Ғылым ордасы» кешенінің базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының бірлескен білім беру бағдарламаларының 1 курс PhD докторанты, Алматы қаласы. Қазақстан Республикасы*[DOI: 10.31618/ESU.2413-9335.2019.4.59.23-25](https://doi.org/10.31618/ESU.2413-9335.2019.4.59.23-25)**РЕЗЮМЕ**

В данной статье анализируется понятие прецедентного текста и его суть при изучении категории языковой личности. Тщательно рассмотрены и изучены основные научные труды в данном направлении. В работе прецедентные тексты определяются как наиболее важные источники определения языковой личности: принадлежность к определенному времени, культуре, миропонимание, взгляды, жизненные установки и т.п.

SUMMARY

This article analyzes the concept of a precedent text and its essence in the study the category of language personality. Carefully reviewed and studied the main scientific works in this direction. In this work, precedent texts are defined as the most important sources for the definition of a linguistic personality: belonging to a specific time, culture, world outlook, view, life attitudes, etc.

Кез келген тілдік тұлға категориясын зерттеуге арналған еңбектерде бірқатар тірек ұстанымдар мен ғылыми ұғымдардың аса қажеттілігі сөз болады. Мәселен, тілдік тұлға категориясын жете зерттеген ғалым Ю.Н. Караулов енгізген ұғымдардың аса маңыздыларының бірі - «прецеденттік мәтін» ұғымы. Ю.Н. Караулов «прецеденттік мәтін» ұғымына төмендегідей анықтама береді: «1) танымдық және эмоционалды қатынастардағы маңызды мәтіндер; 2) тек қана белгілі бір тұлғаға ғана емес, сонымен қатар берілген тұлғаның маңындағы (соның ішінде замандастары мен алдында өмір сүрген адамдарға да) кең танымал тұлғалардан жоғары сипаттағы мәліметтер; 3) берілген тілдік тұлға дискурсында қайталанып отыратын тілдік бірліктерге назар аудару» [1, 216 б.].

Тілдік тұлғаға сипаттама жасауда прецеденттік мәтіннің маңызы аса зор, себебі прецеденттік мәтінді зерттеу арқылы ғана сөйлеп жатқан адамның қандай дәуірге және мәдениетке жатқызуға болатынын анықтауға мүмкіндік бар [1, 216 б.]. Ю. Н. Караулов прецеденттік мәтіндерді зерттеу жұмыстарын тілдік тұлғаны ұғынудың іргетасы ретінде қарастырады, себебі сол мәтіндерді іріктеу арқылы тілдік тұлға өзінің басымдықтарын, дүниетанымын, көзқарасын, өмірлік құндылықтар баспалдақтарын жария ете алады. Прецеденттік мәтіндердің қызмет етуінің бірнеше әдіс-тәсілдерін зерттеген Ю. Н. Караулов олардың ішінен қызығушылық тудыратыны ретінде «семиотикалық» қызметін ерекше қарастырады: мұнда прецеденттік мәтінге назар аудару ишара, сілтеме жасау, тағы басқа жолдармен белгі беру арқылы көрініс табады.

Прецеденттік мәтінді авторлық дискурста енгізетін тіл құралдары ретінде Ю.Н.Караулов тараудың аталуын, дәйексөзді, кейіпкердің және

автордың есімдерін (тізімді әрі қарай жалғастыра беруге болады) алуды ұсынады. Дискурста прецеденттік мәтіндерді пайдалану типтері туралы айта бастағанда зерттеуші аталымдық типті ерекше атайды, мұнда тараудың аталуы немесе есімге жинақталған күйде сілтеме жасалып жатқан мәтіннің бүкіл мазмұны сыйыстырылады және адресант пен адресаттың кез келген мезетте ақпаратты толық көлемінде жайып салып таныстыра бастауына дайындығының көрсеткіші ретінде сипат алады [1, 225 б.].

Прецеденттік мәтінді зерттеудің келесі тәсілін Ю.Н.Караулов «референттік» деп атайды. Бұл әдісті пайдаланғанда тілдік тұлға өзінен беделі жоғары тұлғаға назар аудару арқылы референттік топтың шекараларын кеңейтеді. Авторлық мәтінде қолданылатын дәйексөздің қызметі екіжақты: 1) формула сипатындағы дәйексөз өз тамырларынан алшақтап аса маңызды дәйексөздер тобына қосылуға жақын; 2) сөйлеп жатқанның дәлелдер келтіруін дәйексөз жеңілдетеді [1, 230 б.].

Жасырын дәйексөздерді, соның ішіндегі түрлендірілген, яғни, сөйлеп жатқан берілген тілдік тұлға белгілі жағдайларға байланысты өзгерткен, дегенімен, бірден танымал және қалпына жылдам келтіріле алатын дәйексөздерді жеке топқа біріктіреді. «Прецеденттік мәтіндер» терминін барлық авторлар пайдаланып жатқан жоқ, біреулері бұрынғы үйреншікті терминдерді қолдана бергенді жөн көреді. Мысалы, А.Е.Супрун «мәтіндік реминисценциялар» терминін қолдана беруді ұсынады, бірақ бұл терминнің Ю. Н.Караулов енгізген «прецеденттік мәтін» терминінен айырмашылығын анықтай алмады.

Мәтіндік реминисценцияларды пайдалану тетігі туралы пайымдауларында Л.Е.Супрун Ю.Н.Караулов тәрізді оларды мәтінге енгізудің төрт негізгі тәсілдерін сипаттайды [2, 22 б.]. Өз еңбегінде

зерттеуші мәтіндік реминисценцияларды тілдің бірлігі ретінде талдай отырып, олар тілдік құрылымның түкпір жақтарында орналасып, жадының психологиялық феномендеріне жатқызылады деген қорытындыға келеді. Сонымен қатар, Л.Е. Супрун мәтіндік реминисценциялар және фразеологизмдердің қатынастарын зерттеудің күрделі мәселелерін қарастырады. Бір жағынан, біздің жадымызда берілген бірліктердің жақындығы және бір біріне кіріктендірілуі анық білінеді. Зерттеуші көптеген фразеологизмдер бастапқы қайнаркөздерімен байланыстары үзілуі себебінен реминисценциялардан туындайтынын алға тартады. Реминисценциялардың фразеологизмдерден басты айырмашылығы – олар сөздерді толығымен алмастыруға ұмтылмайды [2, 26 б.].

В.В.Красных вербалды және вербалды емес формаларда білінетін прецеденттік мәтін емес, прецеденттік феномендерді зерттеу қажеттілігін алға тартады. «Прецеденттік феномен» ұғымы ішінде зерттеуші «прецеденттік жағдаяттар», «прецеденттік мәтіндер», «прецеденттік есім» және «прецеденттік сөйлемдер» дефиницияларын енгізуді ұсынады. Зерттеушінің пікірінше, прецеденттік жағдай - белгілі коннотациялар жиынтығына байланысты қалыптасатын «эталондық», «идеалды» жағдай. Прецеденттік мәтін – сөйлеу және ойлау қызметінің аяғына дейін жетілдірілген өнім; полипредикативтік бірлік; құрамдас бөліктерінің мағыналар жиынтығы, оның өзіндік мағынасына тең келе бермейтін күрделі бірлік.

Осы ретте, «прецеденттік есім» дегеніміз - кең танымал прецеденттік мәтіндер қатарына жатқызылатын немесе прецеденттік жағдаймен байланыстырылатын дербес есім. Прецеденттік сөйлем – тұлғаның сөзінде бірнеше мәрте қайталанатын сөйлеу және ойлау қызметінің қайтадан келтірілетін нәтиже. Зерттеуші В. В. Красных прецеденттік жағдаяттар мысалы ретінде «Ходынка» және «Дүрбелең кезең», прецеденттік мәтіндер - «Евгений Онегин» және «Соғыс пен бейбітшілік», прецеденттік есімдер – «Геркин», «Иван Сусанин», ал прецеденттік сөз тіркестері ретінде «Не істеу керек?», «Кім кінәлі?» және кейбір мақал-мәтелдерді қолдануды ұсынады [3, Б. 47-48].

В.В.Красныхтың еңбегінде ұсынылған тағы бір жіктелім белгілі прецеденттік феномендерді қамту кеңдігі өлшенімге негізделіп жүзеге асырылады. Шынында, егер прецеденттік феномендердің бір топтары барлығын қамтыса, басқалары тұлғалардың тар топтары үшін ғана қолданылып, басқа топтардан бөлініп ерекшеленіп тұрады. Сонымен, В.В. Красных адамдардың кішігірім топтарын сипаттайтын кәсіби, генерациялық, профессионалды және т.б. белгілеріне байланысты ерекшеленетін әлеуметтік-прецеденттік феномендерге; белгілі бір ұлттың кез келген өкіліне түсінікті ұлттық-прецеденттік және әмбебап-прецеденттік феномендерге топтастыру үлгісін алға тартады [3, Б. 50-51]. Сонымен қатар, автор берілген нақты тұлғаға ғана тән прецеденттік феномендерді (автопрецеденттерді) дербес топтарға жатқызбай,

минималды әлеуметтік-прецеденттік феномендерге енгізуді жөн көреді.

Жоғарыда аталған нақтылауларды ескере отырып, В.В.Красных Ю.Н. Караулов берген анықтамаға түзетулер енгізуді ұсынады [3, 58 б.]. Г.Г. Слышкин тілдік тұлғаға сипаттама жасағанда прецеденттік мәтіндерге талдау жасау барысында жоғары бағалау қажеттілігіне баса назар аударады. Оның ойы бойынша, тілдік тұлға сипаттамасындағы аса маңызды көрсеткіштер – қолданылатын прецеденттік сөз тіркестерінің жиілігі, коммуникативтік орындылығы, түсінікті болуы және белгілі жанрға жатқызылуы [4, 197 б.]. Ю.Н.Караулов берген анықтаманы негізге ала отырып, Г.Г.Слышкин прецеденттік мәтін ретінде қабылданған мәтінді зерттеуде төменде келтірілген жағдайларға назар аудару қажет деп есептейді:

1) адресанттың белгілі мәтінге реминисценция жасау қажеттілігін сезінуі;

2) адресанттың бастапқы мәтінмен таныс болуы;

3) адресантта адресанттың бастапқы мәтінмен таныс болуы туралы прагматикалық пресуппозицияның (ақпараттың) болуы.

Автордың пайымдауынша, бірінші шарт орындалмаған жағдайда сөйлеп жатқан адам прецеденттік мәтінге сілтеме жасаудың орнына абайсызда сөздік стереотиптерді қолдана бастайды. Екінші шарттың орындалмауына байланысты коммуникация жүзеге асырылмай қалады, себебі адресантты прецеденттік мәтінмен таныстыратын хабарлама бөлігі жойылып немесе өзгеріп кетеді. Үшінші шарт орындалмаса, сілтеме прецеденттік емес мәтінге жасалып, авторды қосымша сілтеме жасауға немесе адресантты қосымша сұрақтар қоюға мәжбүрлейді («бұл өзі қайдан шықты?» деген сияқты) [4, 200 б.].

Прецеденттік емес мәтіндер пайдаланудың ерекше мысалы ретінде плагиатты алуға болады. Берілген әлеумет үшін прецедентті болып саналатын мәтіндер қатарын мазақ (пародия) жасау мақсатында күлдіргі жанрындағы шығармаларда пайдалануды да Г.Г.Слышкин мысал ретінде алады. Дискурста белгілі тілдік тұлғаларға тән прецеденттік мәтіндердің тәжірибеде жүзеге асырылатынын зерттеген өте қызық. Көлемі жағынан шағындау болып келетін В.В.Прозоровтың ғылыми жұмысында қанатты сөздер мысалында, оларды көкейтесті ету механизмдері қарастырылады. Автор орыс тіліндегі қанатты сөздердің вербалды және -бейвербалды құрамдас бөліктерінің қатар өмір сүруін сөз етеді. В.В.Прозоровтың зерттеулерінде адамдардың нақты коммуникациясында қанатты сөздер ойындық қанаттық жағдаяттармен алмастырылуы көрсетіледі. Мәтіндегі қанатты сөздердің қызметіне сипаттама жасау барысында автордың мәнінде қанатты құрылымдар мәтін ішіндегі мәтін екенін, яғни, тұлғаның сөзінде «бөтен сөздер» ұшыраса беретіндігін баса айтады [5, 77 б.].

Прецеденттілік және «бөтен сөз» проблемаларының бір бірімен байланысты (интер-мәтінділік) екендігі сөзсіз. В.В. Красных берілген теорияларды салыстыра отырып, олардың арасындағы айырмашылықты мазмұнында емес,

зерттеу объектілерін бір бірінен ажырата білуде деп ұғынады: интермәтінділік теориясы негізінен көркем мәтіндерді зерттейді (Р. Барт, А.А.Жолковский, О.Г.Ревзина және т.б.). Интермәтінділік теориясы бірінші кезекте тікелей коммуникация үдерісінде туындаған мәтіндерді қарастырады. «Бөтен тіл» проблемасы алғашқы рет М.М.Бахтиннің еңбектерінде зерттеле бастағанын байқауға болады. Мысалы, «Марксизм және тіл философиясы» атты еңбегінде «бөтен тіл» ұғымына төменгідей анықтама беріледі: «*тіл ішіндегі тіл, сөз ішіндегі сөз*», бірақ сонымен қатар бұл «*тіл туралы тіл, сөз туралы сөз*», [6, 125 б.].

Ғалым алғашқы рет «авторлық» және «бөтен» тілдің динамикалық арақатынасы мәселесін зерттей бастады. Зерттеу барысында М.М.Бахтин «авторлық» және «бөтен» тілдің арасындағы қатынастарда екі үрдіс байқалатындығын алға тартады: біріншісі - «бөтен» тілдің тұтастығын және түпнұсқалылығын сақтап қалуға ұмтылыс. Беріліс шаблондары «бөтен» тілді анықтап бөліп, «авторлық» интонациялардан қорғап қалу қызметін атқарады. Бұл үрдісті М.М.Бахтин «желілік стиль» деп атайды. Екінші тенденцияны («кескіндеме стиль») ғалым авторлық контекстінің бөтен тілдің автономиясын бұзуға, оның шекараларын жоюға ұмтылыс деп түсіндіреді. [6, 131 б.].

М.М.Бахтиннің іліміне талдау жасау барысында Г.Е.Крейдлинг алғаш рет «интермәтінділік» терминін қолданды, кейінгі жылдары бұл термин ғылыми жұмыстардан көркем шығармашылық тәжірибесіне көшірілді [7]. И.П.Ильин «интермәтінділік» терминіне талдау жасай отырып, бұл термин қаншама түрлендірілулерден өтіп жатса да мағынасы еш өзгермегендігіне алға тартады: кез келген мәтін одан бұрын пайда болған мәтіндерге жауап беру түрінде туындайды [8, 195 б.]. Жетілдірілген түрде бұл анықтама Р.Барттың жұмыстарында да ұшырасады. Оның ойы бойынша, кез келген мәтін - «Автор-Құдайдың» хабарламасы емес, сансыз көп дәйексөздердің бір біріне қактығыстары мен пікірталастары және олардың ешқайсысы бастапқы болып қабылданбайды [9, 388 б.].

Ю.М.Лотманның зерттеулерінде де «интермәтінділік» проблемасына ерекше назар аударылады. В.В.Красныхтың жоғарыда аталған монографиясында келтірілгендей, Ю.М.Лотманның ұғымы бойынша мәдениет дегеніміз мәтіндер жиынтығы болғандықтан «интермәтінділік» ұғымын «мәтіндегі мәтіндердің» иерархиясы деп қабылдау керек [3, 130 б.]. Б.А. Успенскийдің «Композиция поэтикасы» деп аталатын еңбегінде «бөтен сөз» идеясын зерттеу өз жалғасын тапты. Мұнда автор өнер туындыларының, оның ішінде бірінші кезекте көркем әдебиет шығармаларының құрылуын әңгіме қандай көзқарас проблемасымен байланыста болады, соған қарай қарастыруды ұсынады. Б.А.Успенский өнер туындыларында адамдардың дүниеге көзқарастары анық білінетін салаларға сараптама жасайды. Ол идеология жоспарын, фразеология жоспарын, кеңістіктік-уақыттық сипаттама жоспарын, психология

жоспарларын қарастырады. Бізді бірінші кезекте көзқарастар нүктелері «авторлық» және «бөтен» тілдердің қатынастары жүзеге асырылатын фразеология жоспары қызықтырады [10, 49 б.].

М.М.Бахтин тәрізді Б. А.Успенский де мәтіндегі «авторлық» және «бөтен» тілдердің өзара қатынастары мүмкіндіктерін толығымен зерттеп, негізгі екі үрдісті анықтады: 1) авторлық мәтін бөтен тілдің әсерімен түрлендіріле береді; 2) өз кезегінде авторлық мәтін бөтен тілге әсер ете алады. Б. А. Успенский бұл үрдістердің көрінуінің көптеген нұсқаларын суреттейді. Зерттеуші негізінен көркем әдебиет мәтіндерін зерттегенімен анықталған заңдылықтарды кез келген мәтінге қолдана беруге болатындығын алға тартады [10, 33 б.]. Автордың эпистолярлық стильге байланысты айтқан ескертулерін де назардан тыс қалдырмаған жөн. Зерттеуде негізінен есімдер проблемасы және хаттардың бас жағын жазу, аяқтау мәселелері қарастырылады.

Ю. Н. Карауловтың зерттеулерінде анықтама беріліп, басқа жұмыстарда одан әрі жетілдіріліп, нақтыланған прецеденттік мәтін ұғымы ұсынылып отырған жұмыста аса маңызды ұғымдардың бірі болып саналады. Ю.М. Лотманның ғылыми шығармашылығын зерттеу процесі көкейтесті мәселелердің бірі болғандықтан прецеденттік мәтін және «бөтен тіл» ұғымдарының тығыз байланысын анықтау қажет. Ғалым үшін «бөтен тіл» ұғымы қашанда көзқарастар проблемасымен байланыстырылады. Сондықтан бізді дискурстағы прецеденттіліктің алуан түрлі көріністері, соның ішінде прецеденттік сөздердің трансформациялары қызықтырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Караулов Ю. Н. Русский язык и языковая личность. - М.: Наука, 1987. - 263 с.
- 2 Супрун А. Е. Текстовые реминисценции как языковое явление // Вопросы языкознания. - 1995. - № 6. - С. 17-29.
- 3 Красных В. В. Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология: Курс лекций. - М.: Гнозис, 2002. - 105 с.
- 4 Слышкин Г. Г. Парольный потенциал прецедентных текстов // Языковая личность: аспекты лингвистики и лингводидактики. - Волгоград: Перемена, 1999. - С. 26-32.
- 5 Прозоров В. В. Крылатые выражения и ситуации // Жанры речи. Саратов, 2002. - Вып. 3. - С. 75-83.
- 6 Бахтин М. М. (Волошиной В. Н.) Марксизм и философия языка. М.: Лабиринт, 1993. - 189 с.
- 7 Крейдлинг Г. Е. Невербальная семиотика: Язык тела и естественный язык. - М.: Новое литературное обозрение, 2002, - 592с.
- 8 Ильин И. П. Стилистика интертекстуальности: теоретические аспекты и проблемы современной стилистики. - М.: ИНИОН АН СССР, 1979.-С. 186-207.
- 9 Барт Р. Смерть автора // Барт Р. Избранные работы: Семиотика: Поэтика: Пер. с фр. - М.: Прогресс, 1989. - С. 384-391.
- 10 Успенский Б. А. Семиотика искусства. - М. Языки русской культуры, 1995. - 360 с.